

**РЕЗЮМЕ**

В статье обосновывается актуальность гражданского воспитания школьников. Автор рассматривает воспитание гражданственности во взаимосвязи с патриотизмом.

“Академия философии

The article exposes topicality of civil education at school. The author examines the civil education in interconnection with patriotism.

**ДАРЫНДЫ ДАМЫТУ – ҮСТАЗ ПАРЫЗЫ**

**A.B. ОМАРОВА**



Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «... білім берудің тиімді жұмыс істейтін қазақстандық жүйесі қалыптастып, қазіргі әлемде Қазақстанның лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту мен кадрларды даярлаудың сапалық білім деңгейіне қол жеткізетін болды» деп атап өтілген [1]. Яғни «жана» қоғамға «жана» адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Ендеше «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» деген Н.Ә. Назарбаевтың сөзі әрбір адамның ойына тұрткі салуы тиіс [2]. Өйткені, мұғалімнің бүгінгі күні жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болашағы да сондай болмақ.

Голландиялық ғалым Ф. Монске өзінің 10–11 жас аралығындағы 772 жасөспіріммен жүргізген зерттеулерін-

де дарындылықтың өзіндік моделін ұсынады. Ф. Монске дарындылықтың дамуының мынадай факторлармен байланыстырылығын көрсетеді: Ф. Монскенің дарындылық моделінде үшбұрыш қосылған, оның әрбір бұрышы микро-ортадағы факторларды білдіреді: отбасы, мектеп, қырдастары [3]. Осы атап ғалым факторлардың ішіндегі маңыздыларының бірі мектеп болып табылады. Ал мектепте дарынды балалармен жұмыс жүргізетін тұлғаның бірі – мұғалім.

Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Оқушының болашағы, оның білімді, ізденімпаз болып есүі, оның келешектегі мамандығы, яғни кәсіби тағдыры тек қана білімді, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бүгінгі қоғамның сұранысын қанағаттандыра алатын мұғалімге байланысты. Өкінішке орай дарынды баланы анықтау, оның қабілетін дамыту, оған қолдау көрсету казіргі уақытта білім жүйесіндегі қолға

алынып жатқан өзекті мәселе екеніне қарамастан еліміздегі жоғары оқу орындары осындай категориялы оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдерді даярлау мәселелерін әлі де болса нақты әрі мақсатты қарастырмадан. Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс істеуде мұғалімдер мен психологтардың тәжірибелері жеткіліксіз. Дарынды оқушыны анықтау, оның дарындылығын дамыту және арнайы оқытуға арналған ғылыми-әдістемелік оқулықтар саусақпен санарлықтай. Әрбір мұғалімнің өзінің жинақтаған және семинарларда алған тәжірибесі деңгейінде ғана оқушымен жұмыс жасауы осы кемшіліктердің көрінісі. Ал бұл дарындылық мәселесін шешуге қызындықтар туғызады. Сондықтан арнайы дайындықтан өтпеген мұғалімдер дарынды оқушымен жұмыс жасаған кезде мынадай келенсіз жағдайларға душар болады:

- көптеген жағдайда олар дарынды оқушыларға немікүрайлы қарайды және олардың ішкі жан дүниесіне үңіле алмайды;

- тіпті дарынды оқушыларды жақтырмайтын да жағдайлар кездеседі, себебі олар оның беделіне қауіп төндреді;

- дарынды оқушының ерекшелігін, қажеттіліктерін және онымен жұмыс жасаудың кешенді диагностикалық әдістемелерін білмегендіктен дарынды оқушыны анықтауда төмен нәтижелер көрсетеді;

- олар дарынды оқушымен жекелей, арнайы жұмыстарды өз деңгейінде жүргізбейді, ал жұмыс жасаған күннің өзінде оған тапсырма берген кезде оның қызындығынан, яғни сапасына қарағанда көптігіне көніл бөлу арқылы қателіктер жіберіледі;

- олар оқушы дарындылығын дамытудағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының қажеттілігін сезінбейді.

Ал біліктілігі жоғары немесе арнайы дайындықтан өткен мұғалімдер өзінің мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- дарындылықты анықтау, дамыту мәселесіне ерекше көніл бөледі және сол бағытта талмай жұмыс жасай алады;

- олар дарынды оқушыға қосымша тәрнеділген бағдарламаларды құрастыра алады және олардың өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылық ізденістеріне қажетті кеңестер бере алады;

- жұмыстың мақсаты мен міндеттерін нақты қойып, соған жету жолдағын шығармашылықпен ойластырады;

- оқушыға дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы оның ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына көмек жасай алады;

- педагогикалық үрдісті диагностикалау жұмысын жүргізе алады және оларды бір-бірімен байланыстыра алады;

- дарындылықты анықтауда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана алады [4].

Дарынды оқушымен жұмыс істейтін мұғалімге қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптарды мынадай бөліктерге белуге болады:

1. Мұғалімнің бағыт-бағдарына байланысты талаптар:

- дарынды оқушымен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі;

- оқушыны жақсы көрүі және қабілеті жоғары оқушымен жақсы қарым-қатынаста болуы;

- дарынды оқушымен жұмыска тұракты қызығушылық танытуы және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеуі;

- дарынды оқушының ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы;

- дарынды оқушымен жұмыс кезінде жоғары нәтижелерге жетуге үмтүлүү.

2. Мұғалім біліміне қойылатын талаптар:

- өзінің сабак беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білуі;

- қызмет нысанын, яғни бірыңғай педагогикалық үрдісті білуі;

- окушы дарындылығының моделін білуі;
- жеке тұлға теориясын, оны қалыптырыудың әдіс-тәсілдерін білуі;
- дарынды окушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштермен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындаі білуі.

3. Мұғалімнің іскерлігіне қойылатын талаптар:

- дарынды окушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- дарынды окушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған тереңдетілген бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс жасай алуы;
- дарынды окушыны зерттеуге психодиагностикалық құнделік жүргізуі;
- оқытудың инновациялық технологияларын, дифференциалды әдісін қолдана білуі;
- оқушымен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан сауатты орындаңа білуі;
- дарынды окушыны олимпиадалар мен сайystарға дайындауда жетістікке жете алатындаі деңгейде жұмыс жасауды;
- дарынды окушының ата-анасына әртүрлі педагогикалық-психологиялық кеңестер беру [5].

Егер әрбір ұстаз өз алдына «Дарындылықты ертерек табу, олардың игілігін ерте көтеру» деген мақсатты қойып, дарынды баланы дамытудың барлық мүмкіндіктерін қарастырып, оны жетілдіріп отырса, онды қофамымыздың ілгері дамығандығының бір көрсеткіші болар еді. Дарынды оқушымен жұмыс мұғалімнің өзіне, қызметіне және кәсіби жетілуіне өзгеше бір сынақ болып табылады.

Білікті мұғалімнің тәжірибесі мына ережелерге негізделеді:

- оқытуды мұғалім мен окушы арасындағы өзара шығармашылық қа-

рым-қатынасы ретінде қабылдау;

➤ күрделі мақсат идеясы (окушының алдында барынша күрделі мақсат қойылып, оны орындаі алатындығына сенімін нығайту);

➤ өзіндік талдау (окушылардың жұмыс нәтижелерін жеке және ұжымдық талдау);

➤ ерікті таңдау (мұғалімнің окуматериалының жаксы мәңгерілуі мақсатында сабак уақытын өз бетінше пайдалануы);

➤ окушының өзін-өзі шығармашылық басқаруы;

➤ окушыға жеке тұлға тұрғысынан қарau;


➤ ата-аналармен ынтымақтастық құру.

Мұғалім дарынды оқушымен жұмыс жүргізу кезінде дарындылықтың мынадай белгілерін білуі қажет. Оны кестеден көруге болады (1-кесте).

Мұғалімнің дарынды оқушымен жұмысқа дайындығының қалыптасуының мәселесі арнайы ғылыми зерттеуді қажет етеді. Ал қазіргі жағдайда республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін интеллектуалдық өлеуетті, тұлғаның шығармашылық қабілетін арттыру аса қажет. Сондықтан мұғалімдер арнайы курстар арқылы және өзін-өзі жетілдіру арқылы, әріптестерімен тәжірибе алмасу арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейін жоғарылатуы тиіс.

Жас жеткіншектерді заман талабына сай тәрбиелеуде олардың жеке қабілеті мен бейімділіктерін, дарындылығын дамыту біздің басты міндетіміз. Олай болса, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау», – деп атап көрсетілген. Өйткені жас үрпақтың

**1-кесте**  
**Мұғалімге арналған жадынама**



келешегін оның отбасының материалдық тұрмысы емес, қабілеті, талабы, ерік-күші айқындауы керек. Олай болса, баланың бойына өзіне деген сенімділік, жауапкершілік сезімдерін, өзгелерге зиян келтірмesten нақты шешім қабылдай білу, өз мәселелерін өздері шеше білу, екі пікірдің дұрыс біреуін таңдау,

кеz келген киыншылықтарды жеңе білу, өз талап-тілегіне қол жеткізу сияқты қасиеттерді үйде ата-ана, мектепте үстаз сініреді. Соңықтан қазіргі XXI ғасырда дарынды жастарды тәрбиелеуде және оларды бәсекеге қабілетті тұлға етіп қалыптастыруды мұғалімнің көтерер жүргі ауыр.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Алматы, 2004.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы: Юрист, 2007.
3. Савенков А.И. Одаренный ребенок в массовой школе . М., 2001.
4. Н. Әбілмәжінова. Дарынды оқушымен жұмыс. /Қазақстан мектебі. №2, 2005 ақпан.
5. Л.М. Нарықбаева. Дарынды балалармен жұмыс істеуге болашақ мұғалімдердің дайындығының қалыптастыру. Алматы, 2002.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается роль учителя в работе с одаренными детьми.

Содержание

The article examines the teacher's role in the work with the gifted children.